

**«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті»**

**коммерциялық емес акционерлік қоғамының**

**Басқарма отырысының**

**№ 40 ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ**

Алматы қ.

«18» тамыз 2022 ж.

**Атқарушы органның толық атауы және орналасқан жері:**

«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Алматы қ., Достық даңғылы 13.

**Қатысқандар:**

Басқарма Төрағасы – Ректор Билялов Д.Н.;

Басқарма мүшесі, әлеуметтік даму жөніндегі проректор Нурланов Ш.Н.

Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департамент директоры  
Мейрманов Б.А.

Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі  
департамент директорының м.а. Ділдабек Д. Ж.

Басқарма отырысын «Абай атындағы ҚазҰПУ» коммерциялық емес  
акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы-Ректор **Билялов Д.Н.** өткізді.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

**1. 2022/2023 оқу жылында «Абай атындағы ҚазҰПУ»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамының жатақханаларында  
студенттерді жатақханадан шығару туралы шарттар.**

Университеттің жатақханаларындағы төсек-орындарды есепке ала  
отырып, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің 2016  
жылғы 22 қаңтардағы №66 бұйрығын ескере отырып, «Абай атындағы  
ҚазҰПУ» КЕАҚ Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

2. Студенттердің әлеуметтік және денсаулық жағдайы ескеріле  
отыра, басымдыққа ие санаттағы мұқтаж студенттер жатақханамен  
қамтамасыз етілсін. Төменде көрсетілген санат бойынша жатақханалардағы  
орындармен негізінен 1-курс студенттері қамтамасыз етіледі:

1) жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

2) ата-анасының біреуі немесе екеуі де мүгедек болып табылатын  
тұлғалар;

3) мүгедектер қатарындағы даму мүмкіндіктері шектеулі адамдар, бала  
кезінен мүгедектер, I және II топтағы мүгедектер;

4) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне таралатын  
жеңілдіктер мен кепілдіктерге құқылы, соларға теңестірілген тұлғалар;

5) көп балалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға арналған жергілікті атқарушы органдарының грант иегерлері;

6) ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша университетке оқуға түскен ауыл жастары қатарындағы тұлғалар;

7) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын қандастар – мемлекеттік білім беру гранттарының иегерлері.

8) III топтағы мүгедектер;

9) «Алтын алқа» және «Күміс алқа» белгілерімен марапатталған аналардың балалары болып табылатын білім алушылар;

10) Студенттік өзін-өзі басқару кеңесінің мүшелері.

3. Студенттерді жатақханаларға орналастыру, комиссияның хаттамалық шешімдерімен жүзеге асырылуы тиіс.

Төраға

Хатшы

*Biilyalov*  
*Aliy*

Билялов Д.Н.

Калиева Ж.